

«Балық қаңқасы» әдісі

Құрастырған;Исмагулова Айдана

Әдістің мақсаты

Жаңа мәліметтерді, идеяларды сұрақ-жауап арқылы жаза отырып, қорытынды ойларын жинақтау.


«Балық қаңқасы» әдісі туралы түсінік
Бұл әдіс кейбір дерек көздерінде «Исикава диаграммасы» және « Фишбоун» деп көрсетілген. Бұл әдісті ең алғаш рет жапон профессоры Каору Исикава 1968 жылы ойлап тапқан. Исикава диаграммасы- мәлім, іс, не оқиғаны түрлі себептер арқылы түсіндіру диаграммасы болып табылады. Сыртқы пішіні балық қаңқасына ұқсас болып келеді. Пайда болған жылдардан бастап бұл әдісті кәсіпорынның түрлі бөлімдері жұмыс нәтижелерін анализдеуге мүмкіндік берген. Осы әдіс арқылы «MAZDA» және «MIATA» автокөліктері шығарылған. Кейіннен бұл әдісті білім беру жүйесінде де кеңінен қолдана бастады.



«Балық әдісі» арқылы оқушылармен жұмыс

Бұл әдісті топтық тапсымаларды орындату үшін қолданғанда дұрыс нәтиже береді. Сабақ барысында оқушыларды топқа бөліп алғаннан кейін әр топқа жеке жеке талқылау тақырыбы беріледі. Топ мүшелері үлгіде көрсетілгендей балық қаңқасының суретін плакатқа салады. Әр топқа берілген тақырып балықтың басына жазылады. Ал балық қаңқасының жоғары жағына сұрақтар, төменгі жағына жауаптар деп алып, тақырыпқа байланысты сұрақтарды балықтың жоғарғы бөлігінің қабырғаларына жазып шығып, жауаптарын астыңғы бөлігіне жазып шығады. Оқушылардың түйген ой қорытындысы балықтың құйрығына жазылады. Егерде 1 сұрақтан қосымша сұрақтар пайда болып жатса, балық қабырғаларының тұсына жанама қабыршақтар шығарып сұрақ жазуға болады. Топтар жазған жұмыстарын сұрақ-жауап ретінде қорғай алады.

Фишбоун - «балық қаңқасы»



Қорытынды

Бұл әдісті мұғалімдер мен оқушыларға өте тиімді, заманауи талаптарға сай әдістердің бірі деп ойлаймын .Себебі: осы әдіс арқылы оқушылар сөйлеу,ойлау қабілеттерін дамытады. Ал мұғалімдер әдісті ашық сабақтарға,семинарларға қолдана алады.